Боранбаевна, Досанова Анар Есболовна, Гемерлинг Венера Александровна, Агубаева Фариза Кайратовна, Рахымғалиева Жанерке Мейрамқызы. Жоспарланған сабақтар өте жоғары деңгейде өткізілді, оны қонақтар атап өтті. Өткізілген сабақтарды талдау нәтижесінде бастауыш сынып мұғалімдерінде кәсіби қызметтің жеке стилі қалыптасқан деген қорытынды жасауға болады, оны басқа мектеп мұғалімдері атап өтті.



2023 жылдың 14 маусымда VI қалалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына бастауыш сынып мұғалімдері Белятко Ирина Владимировна мен Гемерлинг Венера Александровна қатысып, өз іс – тәжірибелерімен бөлісті.



Қорытынды: Білім мекемесін дамытуға байланысты педагог ұжымының инновациялық жобаларға қатысу көрсеткіші +11,4 өсті. Педагогтер әртүрлі іс-шараларға (семинарлар, конференциялар, вебинарлар) қатысу, тәжірибе тарату, қалалық және республикалық конференцияларда сөз сөйлеп, іс-тәжірибелерімен бөліседі, өзінің кәсіби іс-әрекетіне мотивациясы жоғарлады.

Жоғарыдағы кестеден 2023-2024 оқу жылында оқушылардың қалалық олимпиадада, республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми жобаларда жеңімпаздар азайғаны байқалады.

Бұл бірқатар себептерге байланысты:

- мұғалімдердің жеке қызығушылығының болмауы;
- көбінесе бір дарынды оқушы іс-шараға қатысушылардың санына әсерететін бірқатар жобаларға қатысады.

Бұл мәселелерді шешу үшін педагогикалық ұжым жұмыс істеуі керек.

Ұсыныс: Алдағы уақытта аттестацияның бір критерийі болып саналатын авторлық бағдарламалар әзірлеу жұмысын жолға қою керек. Және мектеп оқушыларын олимпиада, ғылыми жобаларға дайындау сапасын арттыру керек.

Басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер (кем дегенде үш жылда бір рет)

XI ғасыр-ақпараттық технологиялар ғасыры, мектеп

оқушыларының білім беру процесіне жаңа өзгерістер енгізетін ғасыр. Білім беру мазмұнын жаңарту үдерістерінде және жаңа әдістерді енгізуді қамтамасыз ету үшін мұғалімдерге де қойылатын талаптар күшейді.

Сондықтан, қазіргі таңда технология, коммуникация және ғылым саласындағы өзгерістерге бейім болу басты мақсат болып табылады. Білім беру саласында "елдің болашағы" және "ұлттың болашағы" тәрбиелеу және оқыту миссиясы әрқашан болған және солай болып қала береді. Сондықтан, мұғалім уақытпен бірге жүруі керек. Ол үшін мұғалім оқуы керек, білімін үздіксіз жетілдіріп отыруы қажет. Осы мақсатта мектеп мұғалімдері "Өрлеу БАҰО"АҚ,ПШО пәндері бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарын өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу", сондай-ақ "педагог мәртебесі" туралы бұйрықта көрсетілген. (12-тармақ, 13-тармақ) Ол жерде мұғалімдердің кемінде үш жылда бір рет біліктілігін арттыруға, сондай-ақ үздіксіз кәсіби дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға құқығы бар делінген. Осы бұйрыққа сәйкес мектепте мұғалімдердің 2022-2027оқу жылына арналған курстық дайындықтан өтудің перспективалық жоспары бекітілді.

Мектеп педагогтерінің біліктілік арттыру курстарынан өтуі

Курс атауы	2022-2023		2023-2024	
	Мұғалім саны	%	Мұғалім саны	%
Инклюзивті оқыту	6	8,8%	50	73,5%
Пәндік құзіреттілік	50	73,5%	17	25%
Менеджмент	2	2,9%	4	5,8%
Барлығы	58	85,2%	71	100%

Қорытынды: Педагогтердің біліктілік арттыру курстарынан өтуі **+14,8** өскені анықталады. Оқу процесінің ұйымдастырылуы нығайғаны байқалады. мектептің басшы кадрлары өз біліктілігін үнемі арттырып отырады, бұл мектепшілік бақылаудың объективтілігі мен сапасына, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға, кадрларды іріктеу мен орналастыруға, ұжыммен жұмыс істеудің нысандары мен әдістерін таңдауға оң әсер етеді - штаттық кесте

- әкімшілік аттестаттауы
- қайта даярлаудан өткен педагогтар
- категория куәліктерімен
- тарификациялық тізім
- ішкі еңбек тәртіп ереже

ІҮ. БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы

Мектептің негізгі міндеттерінің қатарына үздіксіз білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басты басымдығын іске асыру кіреді, бұл білім берудің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, ата-аналардың білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру. Осы міндеттерді іске асыру үшін мектепте


оқушыларды қабылдау, тіркеу және оқыту бойынша талаптар сақталады. Бұл мәселелер мектеп әкімшілігінің тұрақты бақылауында.

Білім алушылар контингенті туралы электрондық деректер базасы жүргізіледі, оларды қабылдауға және ауыстыруға бұйрықтар қабылдау және уақтылы беру, барлық қажетті деректерді алфавиттік кітапқа енгізу қамтамасыз етіледі. Оқушылардың жеке істері мен медициналық карталары бақылауда.

Оқушылар контингенті:


оқу жылы	оқу жылының басындағы оқушылар саны	сыныптар саны
2022-2023	3005	101
2023-2024	3160	107
2024-2025	3282	115

диаграмма



Мектеп бес күндік жұмыс аптасы режимінде, екі ауысымда жұмыс істейді. Бірінші ауысымда 1890 оқушы білім алуда, оның ішінде 918 бастауыш сынып, 972 жоғары буын. Екінші ауысымда 1392 оқушы бар, олардың 455-і бастауыш сыныптар, 937-сі орта буын.

Оқу-тәрбие процесі қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырылады. 2024-2025 оқу жылында 1 а, ә, қ.; 2 а, ә, қ; 3 а, ә; 4 а, ә; 5 а, ә, ғ; 6 а, ә, ғ; 7а, ә; 8 а, ә, ғ; 9 а, ә; 10 а, ә; 11а, ал сыныптар қазақ тілінде оқиды. Барлығы қазақ тілінде оқытатын 30 сынып.



Мектепте 2024-2025 оқу жылының басында титулға сәйкес барлығы 115 сынып-жиынтық қалыптастырылды:

1-4 сыныптар - 44 жалпы білім беретін сыныптар;


5-9 сыныптар - 54, оның ішінде 43 жалпы білім беретін және 11 - гимназиялық сыныптар;

10-11 сыныптар - 16, оның ішінде 7 жалпы білім беретін және 9 гимназиялық сыныптар.

Оқушыларды оқыту деңгейлері бойынша бөлу

оқу жылы	барлығы 1-11 сынып	деңгейлері бойынша білім алушылар контингенті					
		1 деңгей (1-4 сыныптар)		2 деңгей (5-9 сыныптар)		3 деңгей (10-11 сыныптар)	
		жалпы білім	гимн.	жалпы білім	гимн.	жалпы білім	гимн.
2022-2023	101	29	13	45	5	14	2
2023-2024	107	29	13	46	5	0	14
2024-2025	115	44	0	43	11	7	9

диаграмма 10



Сыныптардың толықтығы туралы мәлімет

2024-2025 оқу жылының басында мектеп бойынша сыныптардың орташа толымдылығы 28,5 оқушыны құрады.

Оқыту тілдері бойынша сыныптарды толықтыру


оқу жылы	оқушылар саны	1-4 сыныптар			5-9 сыныптар			10-11 сыныптар		
		сыныптар	оқушылар	Орташа толымдылығы	сыныптар	оқушылар	Орташа толымдылығы	сыныптар	оқушылар	Орташа толымдылығы
2022-2023										
қазақша	579	8	247	30	10	283	28	3	49	16
орысша	2426	34	1098	32	35	1093	31	11	235	21

2023-2024										
қазақша	656	9	278	30	12	31 1	25	4	67	16
орысша	2504	33	108 1	32	39	118 6	30	10	237	23
2024-2025										
қазақша	711	12	322	27	12	329	27	4	60	15
орысша	2571	32	105 1	33	42	122 2	29	12	298	24

Орташа толымдылығы

оқу жылы	оқушылар саны	сыныптар саны	орташа толымдылығы
2022-2023	3005	101	29
2023-2024	3160	107	29
2024-2025	3282	115	28

диаграмма 11



Білім алушылар контингентінің титулдық тізімдері

Қорытынды: Өткен оқу жылдарымен салыстырғанда 2024-2025 оқу жылында сынып-комплектілер саны 8 сыныпқа көбейген, бала саны +122 оқушыға артқан.


Оқушылардың қозғалысы объективті себептермен (тұрғылықты жерінің өзгеруі, ҚР және Астана қалаларынан тыс жерлерге шығу) өзгеріп отырады.

Белгіленген ережелерге сәйкес мектептің іс жүргізушісі алфавиттік кітап, оқушыларды ауыстыру, қабылдау бойынша құжаттар жүргізеді. Оқушылардың жеке істері белгіленген талаптарға сәйкес ресімделді: жеке істердің нөмірлері алфавиттік кітаптағы нөмірлерімен сәйкес келеді, сыныптар бойынша тіркеу папкасында орналастырылған, директордың қабылдау бөлмесінде сақталады. Оларды сақтау үшін жауапкершілік және ресімдеуді іс жүргізуші мен хатшы жауапты.

Сыныптардың толымдылығы /титулдың көшірмесі


Білім сапасы

Сыныптар	1-4 сынып	5-9 сынып	10-11 сынып	2-11 сынып
2022-23 оқу жылы	74%	53%	66%	61%
2023-24 оқу жылы	75%	57%	60%	64%
Үлгерім	100%	100%	100%	100%
Сапа	+1%	+4%	-6%	+3%



Тоқсан бойынша білім сапасы

тоқсандар	I	II	III	IV	жылдық
2022-23 о.ж.	48%	54%	55%	54%	61%
2023-24 о.ж.	53%	57%	61%	57%	64%
айырмашылығы	+5	+3	+6	+3	+3%



Үздік оқушылар

тоқсандар	I	II	III	IV	жылдық
2022-23 о.ж.	297	364	397	398	470
2023-24 о.ж.	348	454	479	417	556
айырмашылығы	+51	+90	+82	+19	+86

Екпінді (хорошисты) оқушылар

тоқсандар	I	II	III	IV	жылдық
2022-23 о.ж.	1370	1231	1193	1208	1136
2023-24 о.ж.	1312	1213	1101	1218	1038
айырмашылығы	-58	-18	+92	+10	-98

Қорытынды: Білім сапасы 2022-23 оқу жылымен салыстырғанда 2023-2024 оқу жылында + 3% өсіп отыр. Себебі, мектебімізде 2022-2023 жылы «Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» ұйымдастыруымен білім сапасын көтеру бойынша жоба нәтижесінде білім сапасы көтерілді.

Ү. ОҚУ- ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Оқу әдістемелік жұмысты ұйымдастыру барысында оқу жұмыс жоспарларының № 500 б *(2023 жылғы 18 тамыздағы №264, 2022 жылғы 12 тамыздағы №365, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген)* бұйрықпен бекітілген үлгілік оқу жоспарларына және № 348 бұйрықпен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестік болуы. Мектеп басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының негізі болады.

№31 мектеп-гимназияның негізгі құжаты Астана қаласы білім басқармасымен бекітілген оқу жұмыс жоспары болып есептеледі. Оқу жұмыс жоспары жыл сайын құрастырылып, тамыз айында өтетін №1 педагогикалық кеңесте бекітіліп, Астана қаласы білім басқармасы сараптамасынан өтеді.

Оқу жұмыс жоспары-бұл бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлері бойынша инварианттық және вариативтік компоненттерден тұратын сағат санын белгілейтін нормативтік-құқықтық құжаттама.

Оқу жұмыс жоспары Мектептің мемлекеттік функциясын орындауды – базалық бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді қамтамасыз етуді және оқу процесінде баланы дамытуды көздейді.

Осы мақсатқа жетудің басты шарты-әр баланы оның мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере отырып, іс-әрекетке қосу. Мектептің оқу жоспары бірыңғай білім беру кеңістігін құру, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің қолжетімділік жағдайларын, жаңартылған білім беру мазмұнының мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына көшу кезінде базалық бастапқы мүмкіндіктерге тең сақтау мақсатында әзірленді. Мектепте 2022-23, 2023-24, 2024-25 оқу жылдарына арналған оқу жұмыс жоспары, сабақ кестелері мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт пен типтік оқу жоспарының талабына сәйкес жасалып, мектеп басшысымен бекітілген.

Оқу жұмыс жоспарына қысқаша мінездеме:

Түсіндірме жазба

Мектептің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары оқу-тәрбие процесін нормативтік-құқықтық база негізінде регламенттейді:

- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (ары қарай ББМЖМС);

- «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы **(2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);**

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы **(2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);**

- «Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығы;

- «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 маусымдағы №291 бұйрығы;

- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы (2021 жылғы 9 маусымдағы №282 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқу технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы №596 бұйрығы (2018 жылғы 21 қыркүйектегі №477 бұйрықпен өзгерістер енгізілген) **тек қана жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруға өткен мектептер үшін;**

- «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №374 бұйрығы;

- «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығы;

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы (ҚР ӘМ 2021 жылғы 6 тамызда №23890 болып тіркелген);

- «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысы **(ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 3 маусымдағы №346 қаулысымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);**

- «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат (Ы Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2022 жылғы 21 шілдедегі №8 хаттамасы)

I. БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ СЫНЫПТАРЫ (1-4 СЫНЫПТАР):

Бастауыш білім беру бойынша 42
сынып бар. 1 сыныптар – 11

2-сыныптар – 10

3-сыныптар – 10

4-сыныптар – 11

Шетел тілі педагогикалық кеңеспен анықталып, мектепте 1-11 сыныптар аралығында ағылшын тілі пәні оқытылатын болып шешілді.

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1-сыныпта екінші жартыжылдықтан бастап оқытылады.

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 4-сыныпта «Ақпараттық коммуникативтік технологиялар» оқу пәні бағдарламасымен оқытылады.

Вариативті компонент оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1-4 сыныптарда «Lesson Study» курстары енгізілді. Аталған курстар мектептің педагогикалық кеңесінде қаралып бекітілді. (31.08.2022 жыл №1 хаттама)

II. НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ СЫНЫПТАРЫ (5-9 СЫНЫПТАР):

сыныптар саны – 45

5-сыныптар – 9

6-сыныптар – 9

7-сыныптар – 10

8-сыныптар – 9

9-сыныптар – 8

5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқуға бөлінді.

«Абайтану» элективті курсы 9 сыныптарда оқытылады.

III. ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ СЫНЫПТАРЫ (10-11 СЫНЫПТАР):

10-11 сыныптар саны -14

10-сыныптар – 7

11-сыныптар – 7

Мектептегі 10-11 сыныптар қоғамдық- гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағытта оқиды.

Қазақ сыныптарында вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

10 сыныпта- 6-10 сағат;

11 сыныпта- 6-10 сағат.

«Жаһандық құзыреттілік» курсын оқуға 1 сағат берілді, элективті курстың 1 сағаты «Логикалық математика және ой дамыту» курсына берілді.

Орыс сыныптарында вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

10 сыныпта-10 сағат;

11 сыныпта-10 сағат.

Оның ішінде 1 сағат «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқуға берілді.

Түсіндірме жазба

Мектептің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары оқу-тәрбие процесін төмендегідей нормативтік құқықтық база негізінде регламенттейді:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) (ары қарай МЖМС);

- «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы **(2023 жылғы 18 тамыздағы №264, 2022 жылғы 12 тамыздағы №365, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);**

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы **(2022 жылғы 21 қарашадағы №467, 2023 жылғы 05 шілдедегі №199 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);**

- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу- әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы **(ҚР Оқу ағарту министрі м.а. 22.05.2023 ж. №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда - ҚР Оқу ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен);**

– «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» **ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы;**

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы **(2023 жылғы 05 шілдедегі №197 бұйрығымен енгізілген өзгерістер) (тек қана жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруға өткен мектептер үшін);**

- «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» **Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №374 бұйрығы;**

-«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық- эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы (ҚР ӘМ 2021 жылғы 6

тамызда №23890 болып тіркелген);

- «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. **2023 жылғы 21 шілдедегі №224 бұйрығы;**

- «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат **(Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023 жылғы 25 сәуірдегі № 3 хаттамасы)**

I.БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ

СЫНЫПТАРЫ(1-4 СЫНЫПТАР):

Бастауыш білім беру бойынша 18

сынып бар.

1 сыныптар – 11

2-сыныптар – 11

3-сыныптар – 10

4-сыныптар – 10

Шетел тілі педагогикалық кеңеспен анықталып, мектепте 3-11 сыныптар аралығында «Ағылшын тілі» пәні оқытылатын болып шешілді.

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1- сыныпта екінші жартыжылдықтан бастап оқытылады.

Вариативті компонент оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1-4 сыныптарда «Зерттеу негіздері», «Бала Абай».

2-сыныптарға (орыс) «Занимательная грамматика» курстары енгізілді. Аталған курстар мектептің педагогикалық кеңесінде қаралып бекітілді. (31.08.2022 жыл №1 хаттама)

II. НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ СЫНЫПТАРЫ (5-9 СЫНЫПТАР):

сыныптар саны – 22

5-сыныптар – 12

6-сыныптар – 9

7-сыныптар – 11

8-сыныптар – 10

9-сыныптар – 9

5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттілік» курсына оқуға бөлінді.

III. ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ СЫНЫПТАРЫ (10-11 СЫНЫПТАР):

10-11 сыныптар саны -14

10-сыныптар – 7

11-сыныптар -7

Мектептегі 10-11 сыныптар қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағытта оқиды.

Вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі: 10 сыныпта – 6-10 сағат; 11 сыныпта – 10-11 сағат.

«Жаһандық құзыреттілік» курсына оқуға 1 сағат берілді, 1 сағат элективті курстың «Алгебралық теңдеулер» курсына берілді.

Орыс сыныптарында вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

10 сыныпта -5-10 сағат; 11 сыныпта - 10 сағат.

Оның ішінде 1 сағаты «Жаһандық құзыреттілік» курсына оқуға берілді.

Түсіндірме жазба

Мектептің 2024-2025 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары оқу- тәрбие процесін төмендегідей нормативтік құқықтық база негізінде регламенттейді:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрықпен, 2023 жылғы 4 қазандағы №303 бұйрықпен

толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);

- «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы **(26.10.2023 жылғы №323, 08.02.2024 жылғы**

№27 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы **(2023 жылғы 05 шілдедегі №199, 05 наурыздағы №54 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);**

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2024 жылғы 11 наурыздағы № 60 бұйрығы** «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы;

– «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» *ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы;*

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру

қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы **(2023 жылғы 05 шілдедегі №197 бұйрығымен енгізілген өзгерістер) (тек қана жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруға өткен мектептер үшін);**

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2021 жылғы 3 қарашадағы № 547 бұйрығы** «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы»;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. **2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығы** «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы»;

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы (ҚР ӘМ 2021 жылғы 6 тамызда №23890 болып тіркелген);

- «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі

штаттарын бекіту туралы» Қазақстан республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. **2023 жылғы 21 шілдедегі №224 бұйрығы (29.05.2024 № 127 өзгерістермен);**

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2024-2025 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат **(Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2024 жылғы 10 маусымдағы № 2 хаттамасы)**

Үйде оқыту бойынша Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің **26.10.2023 жылғы №323 бұйрығының 10, 56 қосымшалары алынды.**

I БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ СЫНЫПТАРЫ(1-4 СЫНЫПТАР):

Бастауыш білім беру бойынша 44

сынып бар.1 сыныптар – 11

2-сыныптар – 12

3-сыныптар – 11

4-сыныптар – 10

Шетел тілі педагогикалық кеңеспен анықталып, мектепте 3-11сыныптар аралығында «Ағылшын тілі» пәні оқытылатын болып шешілді.

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1- сыныпта екінші жартыжылдықтан бастап оқытылады. Вариативті компонент оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1-4 сыныптарда «Бала Абай»,«Қызықты математика», «Шешендік шеберлігі», «Риторика» курстары енгізілді.

II НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ СЫНЫПТАРЫ(5-9 СЫНЫПТАР):

сыныптар саны – 55

5-сыныптар – 12

6-сыныптар – 12

7-сыныптар – 10

8-сыныптар – 11

9-сыныптар – 10

5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандыққұзыреттілік» курсын оқуға бөлінді.

III ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ СЫНЫПТАРЫ(10-11 СЫНЫПТАР):

10-11 сыныптар саны -16;

10-сыныптар – 9

11-сыныптар – 7

Мектептегі 10-11сыныптар қоғамдық-гуманитарлық,жаратылыстану-математикалық бағытта оқиды.

Вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:10 сыныпта – 6-10 сағат; 11 сыныпта – 6-10 сағат.

10-11 сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқуға 1 сағаттан берілді, 1 сағат элективті курстың «Логикалық математика және ой дамыту» курсына берілді.

Орыс сыныптарында вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі: 10 сыныпта 5-10 сағат; 11 сыныпта 5-10 сағат.

Оның ішінде 1 сағаты «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқуға берілді. Үйде оқитын 6 «В» сыныбына «Логика» курсы жүргізіледі.

Қорытынды: Оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру,

бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын жалпы білім беретін пәндерге әр тоқсан сайын толық көлемде өткізіледі. Бағдарламалық материалды игеру тексеріледі, бағдарламаны, ҰМЖ қажет болған жағдайда түзету жүргізіледі. Күнделіктің толтырылуы қадағаланып отырады. МІБ жоспарының мазмұнына байланысты сабақтардың өту деңгейі бақылауда тұрады, нәтижесі директор жанындағы отырыстақаралады.

Оқу жұмыс жоспары, сабақ кестесі мектеп директорымен бекітілген, МЖМБС талаптарына сәйкес келеді.

ОЖЖ

сабақ кестесі

пед.кеңес

директоры жанындағы кеңес

МІБ

**Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі
мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық
дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық
құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске
асыру**

*(2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 ж. бойынша тәрбие жұмысы
жоспарларының көшірмелері қоса берілді)*

«№31 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК барлық тәрбие және білім беру қызметі -балалар мен олардың ата- аналарының қажеттіліктері мен мүдделеріне, мектеп дәстүрлеріне, жеке даму үшін қажетті мәдени мұраға негізделген. Мектептің тәрбие жұмысының негізгі мақсаты-үйлесімді дамыған, шығармашылық және жоғары адамгершілік қабілеті бар, өз Отанына адал, бәсекелестік ортада сәтті әрекет ете алатын, жоғары мәдениетке және азаматтық жауапкершілікке ие болатын тұлғаны қалыптастыру.

Мектептегі тәрбие процесін ұйымдастыру үшін заңнама актілері басшылыққа алынады. Келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

«Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы»,

«Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы»

«Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы,

«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 ж. №534 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы, 31.05.2022 ж. №251 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен)

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілерді және білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы»(ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы)

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті:

- Тәуелсіздік және Отаншылдық

- Бірлік және Ынтымақ
- Әділдік және Жауапкершілік
- Заң және Тәртіп
- Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және Жаңашылдық Бұл құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізіне айналады.

Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінеді. Әрбір айтұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды:

- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы
- Қараша – әділдік және жауапкершілік айы
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы
- Қаңтар – заң және тәртіп айы
- Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы
- Наурыз – тәуелсіздік және Отаншылдық айы
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- Мамыр – бірлік пен ынтымақ айы

Мектепте тәрбие жұмысының белгілі бір жүйесі қалыптасты. Оның құрылымында ДТЖО, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, педагог-дефектолог, тәлімгер, кітапханашы, сынып жетекшілер қызметі кіреді. Осылайша, мектептің тәрбие жүйесі сыныптың және жалпы мектептің тәрбие қызметін жоспарлы ұйымдастыруға және дамытуға бағытталған.

«Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 орта мектеп» ШЖҚ МКК тәрбие жұмысы бекітілген оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары негізінде іске асырылады.

мектеп-гимназияның тәрбие жұмыстарының аналитикалық талдауы

педагогикалық кеңестің шешімімен Тәрбие жылдық жұмыс жоспары қарастырылып, бекітілді

Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеті:

Бүгінгі

кез-келген ісінде патриоттық сезімі көрініс тапқан ұрпақ тәрбиелеу болып табылады.

Тәрбие беру бағытында мемлекеттік саясатты ҚР БҒМ білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында білім беру жүйесін жаңғырту – жоғарғы мақсаттардың бірі. Тұлғаның өзін өзі билеуін, өзін өзі жүзеге асыру, отбасы және білім беру мекемелері педагогикалық ұжымдарының өзара іс-әрекеті үшін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында тәрбиенің нақты мақсаттары мен міндеттерін анықтау, тәрбие кеңістігін модельдеу-рухани тұлға қалыптастырудың негізі болады.

Мектеп-гимназиясы осы бағытта үздіксіз білім беру жүйесіндегі жеке тұлғаның ұлттық және жеке адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы, оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау, баланы тәрбиеленуі, білім алуы мен жан-жақты қалыптасуы, ана тілі мен салт-дәстүрлерін сақтауы, денсаулығын нығайтуы сияқты Қазақстандық патриотизмге, төзімділікке, жоғары мәдениеттілікке және құқық пен еркіндікті құрмет тұтуға тәрбиелеу - «Ұлттық рухани байлық» көзі ретінде қарастырылып, осы тұрғыда оқушылардың сана-сезімін қалыптастыра отырып тәрбиелеу міндеттелген.

Мектеп-гимназияның тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді

бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға білім беру стандартын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде негіз болды. Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып жұмыс жасады.

Мектеп-гимназияның тәрбие жұмысының мақсаты:

Бәсекеге қабілетті, өзін-өзі басқара білетін, қарым-қатынас, ақпаратты, интеллектуалдық, жұмыс істеу білу, мәдениеті дамыған және зерттей білетін, іс-әрекет жасай білетін, дағдысы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу.

Міндеттер:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті және патриот қалыптасуына: тұлғаның саяси, құқықты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға, балалар мен жастардың құқықты санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатігездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұлға дайын болуына ықпал ету;
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және эстетикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлері мен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттары қалыптастыруға ықпал ету;
3. Тұлғаның жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлауына, ана тілді мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету;
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын психологиялық-педагогикалық күзіреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету;
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына, саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту;
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамсыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастырылуына ықпал ету;
7. Білім беру ұйымдарына көп мәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлқы дағдыларын қалыптастыру, тұлғаны өнерде және болмыста этникалық нысандарды қабылдау, меңгеру және ықпал ету;
8. Салауатты өмір салты дағдыларының тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары:

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының келесі бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық.
2. Рухани-адамгершілік мәдениет
3. Ұлттық тәрбие
4. Зияткерлік
5. Экономикалық, экологиялық тәрбие
6. Көп салалы мәдениеттілік шығармашылық, көркемділік-эстетикалық және мәдени танымдылық
7. Ақпараттық мәдениет
8. Салауатты өмір салты және дене тәрбиесі.


Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие бағыты

Мақсаты: жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және

патриотты, тұлғаның саяси даярлығын қалыптастыру. Патриоттық сананы қалыптастыру бағытында – Отанымыздың тағдыры үшін, елді бейбіт және әскери жағдайда қорғауға жауапты Қазақстан азаматы мен патриотының тұлғасын тәрбиелеу. Жыл бойы өткізілген іс-шаралар – жаңа оқу жылының басталуына байланысты «Алғашқы қоңырау» мерекелік іс-шара, «Мен – өз елімнің патриотымын!» тақырыбындағы тәрбие сағаттар, Халық қаһарманы Ғ.Байтасовтың ерлігіне арналған дөңгелек үстел, «Туған жерге – туынды тік», «Ауылым - алтын бесігім!» - тәрбие сағаттар «Тәуелсіздік – ел тірегі» тақырыбында салтанатты жиындар, «Мәңгілік ел - мұратым» тақырыбында патриоттық акция, «Достық» Республикасының өзін-өзі басқару күндері (қазан, қаңтар айларында), «Жас ұлан» ұйымының жұмысы, «Туған жерім тұғырым - Қазақстан» тақырыбында дөңгелек үстел, «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс», «ҚР Мемлекеттік рәміздері», «Менің құқығым және міндеттерім» тақырыбында тәрбие сағаттар, «Ауған ақиқаты» - атты ауған соғысы ардагерлерімен кездесу, «Айбын» патриоттық-спорттық сайысы, ҚР қарулы күштерінің 26 жылдығы мен ҰОС 73 жылдығына арналған сапта жүріп ән айту байқауы және т.с.с.

Оқу жылдары	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие бағыты											
	Құқық қорғау қызметкерлерімен кездесулер	Жолда жүру ережелері қауіпсіздігін сақтау іс-	Өрт қауіпсіздігі алдын алу іс-шаралары	Сауалнамалар	Психологиялық тренингтер	Ата-аналармен жүргізілген іс-шаралар	Төтенше жағдай оқу жаттығулары	Сынып сағаттары	Құқықтық кеңес отырыстары	Сыныптан тыс іс-шаралар	Рейдтер	Жалпы саны
2017-2018	19	17	9	6	11	7	5	350	4	37	22	460

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие бағыты



Күшті жақтары (Strengths)	Әлсіз жақтары (Weaknesses)
Оқушылардың патриоттық сезімінің жоғары болуы, әр өткен іс-шаралар немесе патриоттық сайыстарға	Гимназиямыздағы орыс сыныптарындағы іс-шаралардың қазақ сыныптарына қарағанда


белсене қатысуы, патриот-азамат тәрбиелеуге толық мүмкіндіктердің бар екендігі анықталды.	аздығы, «Жасұлан» және «Адал ұрпақ» ұйымдарында орыс сыныптарының аздығы
Мүмкіндіктер (Opportunities)	Қауіптер (Threats)
Патриоттық тәрбие беру арқылы гимназиямыздағы 15 ұлт өкілдерінің бірлігін ұлғайту	Гимназиямыздағы орысша оқу тілімен сыныптарындағы іс-шаралардың аздығынан патриоттық тәрбие әлсіреуі мүмкін

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты.

Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру. Жыл бойы өткізілген іс-шаралар – «Мен өмірді тандаймын» тақырыбында шаралар, қайырымдылық акциялары, қарт адамдарға үйлеріне барып көмектесу, «Қыздар мен ұлдар арасындағы қарым-қатынас» оқушылар арасында ашық әңгімелесу, М. Мақатаевтың шығармашылығына арналған «Мәңгі өшпес жырымен із қалдырған» атты байқауы, 31 мамыр саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған ашық сабақ, дөңгелек үстел өткізілді.

Оқу жылдары	Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты.									
	Қоғамға қызмет іс-шаралары	Волонтерлық іс-шаралар	Насихаттау	Сауалнамалар	Тренингтер	Ата-аналармен жүргізілген іс-шаралар	Сынып сағаттары	Сыныптан тыс іс-шаралар	Экологиялық рейдтер	Жалпы саны
2017-2018	13	21	23	8	9	5	182	220	27	508

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты



Күшті жақтары (Strengths)	Әлсіз жақтары (Weaknesses)
Оқушылардың арасында ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз, жауапкершілік, бауырмалдық, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық, ұлтаралық келісімді	Волонтерлық қызметтің практикалық процесінің төмендігі

нығайту	
Мүмкіндіктер (Opportunities)	Қауіптер (Threats)
Қамқорлық, қайырымдылық жасау арқылы жасөспірімдердің жауапкершілігі мен адалдығын, мейірімділігін күшейту	Оқушылардың адами әлеуетін ашуға тәжірбиелердің төмендігі

«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының 7 бағыт аясындағы оқу жылында атқарылған жұмыстары туралы сараптамалық талдауы.

Мақсаты мен міндеттері

«Жас Ұланның» мақсаты:

- Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

«Жас Ұланның» міндеттері:

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;
- Балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
- Танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- Балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- Жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Басым бағыттары:




Оқу жылы	Бағыт бойынша өткізілген іс-шаралар саны							Жалпы саны
	Отан	Жеті жарғы	Зерде	Салауат	Еңбек	Руханият	Экоәлем	
2017-2018								30
	5	3	4	3	4	5	6	

Күшті жағы (Strengths)	Әлсіз жағы (Weaknesses)	Мүмкіндіктер (Opportunities)
Мектепте мұғалім мен оқушы арасында, отбасында ата-ана мен баланың арасында сенім мен ынтымақтастық мәдениетінің, қолайлы ортаның қалыптасуы; «Отан» және «Жеті жарғы» бағыттарының жұмыстары нәтижесінде құқықтық сауаттылықты, меклекеттік рәміздерге деген құрметті, ұлттық мерекелер мен мемлекеттік мерекелердің, кәсіби және өзге де мерекелерді атап өтіп оқушы жадында сақталуына септігін тигізу;	Патриоттық сезімнің жекелеген оқушылар бойындағы әлсіздігі; Оқушылардың өзіне деген сенімділігі мен шығармашылық белсенділігінің төмендігі	«Зерде» бағытындағы жұмыстарды жандандыру; «Еңбек» бағыты аясында әлеуметтік жобалар жұмысын жалғастыру; Оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырып, көшбасшылыққа қалыптастыру;

Ұсыныс:

- Ерікті оқушылардың санын арттыру;
- Белсенді жасұландықтарды аудандық, облыстық байқауларға қатыстыру;
- Мектептің қоғамдық жұмыстарына тұрақты қатысып отыру.
- Жетістіктері: ұйымдастырылған іс-шара өз дәрежесінде өтті.

«Жас Ұлан» ұйымындағы қабылданған оқушылар саны



"Руханият" адамгершілік, адалдық бағыты бойынша- «Жас Ұландықтардың» өзіндік және басқа халықтардың адамгершілік, этикалық бейнелеу-эстетикалық негіздерін дамытуға және қалыптастыруға, өз түсініктерін басқа адамдар мен

әлеуметтік топтардың қызығушылықтарын біріктіруге, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруға, қоғамның қазіргі құрлымын түсінуге және осы қоғамда әлеуметтік-адамгершілік құндылықтар және әлеуметтік бағыттар негізінде қызымет етуге мүмкіндік беретін бағыт. Балалар мен жас жеткіншектерді жалпы адамгершілік қасиеттерге ие болуға және Отанға, еңбекке, жалпы қоршаған ортаға, өзінің жеке тұлғасына деген сезімін тәрбиелеу. Даму және дамыту, ізгілік пен парасаттылық қасиеттерін сіңдірту. Жақсылық атаулыға деген арттырып, жамандыққа жол бермейтін ата-ана, туыс, достар, ұжым, халық, Отан алдындағы парызды сезінетін, адалдық, адамгершілік ұстанымдары берік сақтауға үйрететін шараларды қамтиды.

«Отан» (патриоттық) бағыты бойынша – «жасұландықтардың» санасында қазақстандық танымның және мәдени түсініктің қалыптасуына, азаматтық парыздың орындалуына, толеранттылық пен патриоттық, отанға қызмет етудің маңыздылығы, өз халқың үшін мақтаныш сезімі, мемлекеттік рәміздерді, мемлекеттің және туған өлкеңнің идеологиялық негіздерін білуге жағдай жасайтын бағыт. Отанымыз Қазақстанның өткен тарихы мен оның қалыптасу, даму, нығайту жолдарымен таныстыратын, халық тарихына қатысты ұлы тұлғалар жөнінде білім беретін, әдеби және мәдени құндылықтарды насихаттайтын, шетелде тұратын қазақ балаларымен байланыс орнатуға ықпал жасайтын, жалпы халықтық мейрам – мерекелерді өткізуді, мемлекеттік тілді меңгертіп, оның қолдану аясын кеңейтуне бағытталған шараларды қамтиды.

«Зерде» (танымдық) бағыты бойынша – «жасұландықтардың» интеллектуалдық мәдениетін, ойлау қабілетінің белсенділігін, ақыл-ой деңгейін және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға, туындаған мәселелерді шешу, жоспар құру және өзіндік өмірлік іс-әрекеттерінді басқаруға, бүгінгі жаңа ғылыми дүниетанымды иегеруіне, балалардың интеллектуалдық ойындарға, дебаттарға, олимпиадаларға, жобаларға және зерттеу жұмыстарына қатысуына әсер ететін бағыт. Өзін-өзі тану, отбасы және қоршаған орта туралы толық білу, осы заманға ғылыми және мәдени біліммен қарулану, өз елінде және өзге елде болып жатқан жаңалықтармен танысу. Сабақтан уақытта оқушылардың зияткерлік деңгейінің көтерілуін жан-жақты көзқарасының кеңейуін жетілдіруге, үнемі ізденіс пен білімге деген құштарлығын арттыруға ықпал ететін шараларды қамтиды.

«Еңбек» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» бойында еңбектің ең бірінші өмірлік қажеттілік, өмірлік табыстарға жетудің басты тәсілі мен жоғары құндылық екендігін түсіндіретін, олардың мамандандырылған бейініне әсер ететін, «бизнес-инкубаторлар» мен балалар кәсіпорындарын құру арқылы кәсіптік білім беретін, кәсіпкерлік, экономикалық және құқықтық біліктіліктерін қалыптастыратын бағыт. Жеке тұлға ретінде қалыптасуға ықпал ететін, қоғамдық негізде қйымдастырылған жұмыстарға қатысу, өзі тұратын өңірде кең таралған еңбек түрлерімен танысу арқылы қажетті еңбек дағдыларын үйрету. Туған өңірінде ір кезеңде еңбегімен танымал болған, атақты тұлғалардың өмірі мен еңбектегі жетістіктерімен таныстырып, оны мақтаныш етуге, өнер түрлері және еңбек рахатын, сқлулығын сезіне білуге ықпал ететін шаралар қамтиды.

«Экоәлем» (экологиялық) бағыты-табиғат туралы түсініктерін кеңейтуге, табиғат пен адамзат арасындағы байланысты сезінуге, қоршаған орта сұлулығын сезінуге және көре білуге, оны қорғауға, туған өлке табиғатын танып білуге, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, экологиялық зардаптардың себебін түсініп, оны жоюға ұмтылатын, жалпы экологиялық мәселенің адамзат тіршілігіне тікелей байланысын сезінуге ықпал ететін шараларды қамтиды

«Экоәлем» (экологиялық) бағыты бойынша «Күздің кереметтері» тақырыбында 8-10 сыныптар арасында экибано байқауы ұйымдастырылып, жоғарғы деңгейде жасалған жұмыстар марапатталды. Күзгі демалыс кезінде 8-10 сыныптар арасында «Алтын күз-2023» байқауы ұйымдастырылып өткізілді. Байқау соңында күз ханзадасы мен күз ханшайымы анықталып, марапатталады. 5-Іс шара өткізілді.

«Жеті жарғы» (құқықтық) бағыты- мектеп Жарғысын, оқушыларға арналған мінез –құқық ережелерін білуге, оны сақтауға, мемлекет пен оның заңдарын құрметтеп қарауға, жеткіншектердің күнделікті өмірде өздерінің жүріс-тұрысына басшылық жасай білуіне ықпал ететін, өз мемлекетінің азаматтарына қамқорлықпен қарап, ел байлығын халық игілігіне жұмсауға ат салысатын оқушылардың азаматтық белсенділігін қалыптастыруға, заң бұзушылыққа қарсы күресуге ықпал ететін шараларды, жастар арасында әр түрлі жүргізілетін әлеуметтік-құқықтық маңызы бар шараларды қамтиды. «Жеті жарғы» (құқықтық) бағыты Жолда жүру ережесін насихаттау және жол-көлік травматизмінің алдын алу мақсатында «Жас жол инспектор» топ мүшелері мен мектеп-гимназиясының ювеналдық полиция инспекторы Батыр Жайлаубайұлының қатысуымен «Абайлаңыз, жаяу жүргінші» атты іс-шара ұйымдастырылып өткізілді. 6-іс шара өткізілді.

«Салауат» (салауатты өмір салты) бағыты бойынша – «жасұландықтардың» салауатты өмір салтын қалыптастыруға, спорттық, туристік, экспедициялық және өлкетанушылық бағдарламаларды ұйымдастыру арқылы дене шынықтыруды дамытуға әсер ететін бағыт. Ағзаны шынықтыратын, дененің дұрыс қалыптасуын, мүсіннің сымбатты болуын қамтамасыз ететін, гигиеналық дағдыларға баулитын, ұлттық ойындарды меңгертетін, олардың пайда болу және даму тарихымен таныстыратын, салауатты өмір салтын насихаттайтын, ірі спорттық жетістіктерге ынталандыратын, әр кезеңдегі спорт саңлақтарының өмірі мен спорттағы жетістіктерімен таныстыратын іс-шараларды қамтиды.

Ұлттық тәрбие бағыты.

Мақсаты: тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау. Жыл бойы өткізілген іс-шаралар – «Қазақ қызына тән ерекшеліктер» тақырыбында сынып сағаттар, «Қазақтың ұлттық нақыштары» қыздар арасында шеберлік сыныптар, «Қыз – ананың айнасы» тақырыбында ток-шоу, «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» атты дөңгелек үстел, «Жеті атасын білмеген жетесіз...» тақырыбында пікірталас, «Отбасындағы рухани-адамгершілік құндылықтар мәдениеті және оның балаға әсері» тақырыбындағы дөңгелек үстел, «Отбасы тәрбиесіндегі халықтық дәстүр және отбасының рухани-адамгершілік негізі» тақырыбында сынып сағаттар, «Жігіт сұлтаны», «Инабатты ару - 2018» байқаулары, «Қазақ халқының батырлары» және «Наурыз - ұлт құндылықтарының бастауы» атты қойылымдар байқаулары және т.с.с.

Күшті жақтары (Strengths)	Әлсіз жақтары (Weaknesses)
Оқушылардың арасында ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз, жауапкершілік, бауырмалдық, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық, ұлтаралық келісімді нығайту	Ұлттық байқаулар мен іс-шараларға басқа ұлт өкілдері оқушылардың аз қатысуы
Мүмкіндіктер (Opportunities)	Қауіптер (Threats)
Тарихи-мәдени мұраларды оқыту арқылы дәстүр мен ғұрыпты күшейту	Оқушылардың мәдени дәстүрлердің қалыптасуына объектілік сабақтардың

	аздығы
--	--------

«Еңбек» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» бойында еңбектің ең бірінші өмірлік қажеттілік, өмірлік табыстарға жетудің басты тәсілі мен жоғары құндылық екендігін түсіндіретін, олардың мамандандырылған бейініне әсер ететін, «бизнес-инкубаторлар» мен балалар кәсіпорындарын құру арқылы кәсіптік білім беретін, кәсіпкерлік, экономикалық және құқықтық біліктіліктерін қалыптастыратын бағыт . Жеке тұлға ретінде қалыптасуға ықпал ететін, қоғамдық негізде қйымдастырылған жұмыстарға қатысу, өзі тұратын өңірде кең таралған еібек түрлерімен танысу арқылы қажетті еңбек дағдыларын үйрету. Туған өңірінде ір кезеңде еңбегімен танымал болған, атақты тұлғалардың өмірі мен еңбектегі жетістіктерімен таныстырып , оны мақтаныш етуге, өнер түрлері және еңбек рахатын, склулығын сезіне білуге ыөпал ететін шаралар қамтиды.

Зияткерлік тәрбие бағыты.

Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын қалыптастыру. Жыл бойы өткізілген іс-шаралар – “XXI ғасыр көшбасшысы”, «Ой мен ойын» атты интеллектуалды сайыстар, викториналар, мектепішілік ғылыми жобалар байқауы және т.с.с.

Оқу жылдары	Зияткерлік тәрбие бағыты.									
	Құқықтық – нормативтік заңнамалармен таныстыру	Мектептегі тәрбие жұмысын жоспарлауға қойылатын негізгі талаптар	Педагогикалық Сауалнамалар	Психологиялық тренингтер	Ата-аналар жиналыстары	Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру	Сынып сағаттарын өткізу	Шеберлік сағаттары	Жолдаулармен таныстыру	Жалпы саны
2022-2024	9	3	16	11	7	5	57	4	5	117

Күшті жақтары (Strengths)	Әлсіз жақтары (Weaknesses)
Оқушылардың зияткерлік ұстанымдарын, лингвистикалық, музыкалық, логикалық зейінде ұлғайтуға бағытталған іс-шаралар өткізілді	Пәндер бойынша оқушыларға жекелеген жобалардың аздығы
Мүмкіндіктер (Opportunities)	Қауіптер (Threats)
Патриоттық тәрбие беру арқылы гимназиямыздағы 15 ұлт өкілдерінің бірлігін ұлғайту	Гимназиямыздағы орысша оқу тілімен сыныптарындағы іс-шаралардың аздығы

Экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты.

Мақсаты: тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Оқушыларға табиғатты аялау, Отанды сүю, қоршаған ортаны көркейту, таза ұстау жауапкершілігін арттыру. Жыл бойы өткізілген іс-шаралар - «Мектеп – менің екінші үйім» атты тазалық сенбіліктер, «Қолжетімді кітап» акциясы, «Бизнес класс» атты жеке кәсіпкерлермен кездесулер, «Түлектердің аллеясына» тал отырғызу және көгалдандыру жұмыстары, «Берекелді алтын күз» атты күзгі жәрмеңке, қалдық қағаздарды жинау акциялары және т.с.с.

Оқу жылдары	Экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты.									
	Кездесулер	Мектептегі тәрбие Волонтерлық іс-шаралар	Экологиялық Сауалнамалар	Экологиялық насихаттық іс-шаралар	Ата-аналар жиналыстары	Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру	Эко-Сынып сағаттарын өткізу	Шеберлік сағаттары	Жолдаулармен таныстыру	Жалпы саны
2022-2024	9	3	16	11	7	5	57	4	5	117

Күшті жақтары (Strengths)	Әлсіз жақтары (Weaknesses)
Оқушылардың зияткерлік ұстанымдарын, лингвистикалық, музыкалық, логикалық зейінде ұлғайтуға бағытталған іс-шаралар өткізілді	Пәндер бойынша оқушыларға жекелеген жобалардың аздығы
Мүмкіндіктер (Opportunities)	Қауіптер (Threats)
Патриоттық тәрбие беру арқылы гимназиямыздағы 15 ұлт өкілдерінің бірлігін ұлғайту	Гимназиямыздағы орысша оқу тілімен сыныптарындағы іс-шаралардың аздығы

Көп салалы мәдениеттілік шығармашылық, көркемділік-эстетикалық және мәдени танымдылық тәрбие бағыты.

Мақсаты: тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру. Жыл бойы өткізілген іс-шаралар - «Тілім менің - айбыным» атты мәнерлеп оқу байқауы, «Латын әлипбиі бізге керек пе?» атты 7-10 сынып оқушылар арасында мектепішілік дебат, «Әнші балапан» жас әншілер байқауы, «Атадан қалған мұрамыз» домбырашылар байқауы, «Арайлы алтын күз» және «Күз ханшайымы» байқауы, «Ортақ үйіміз - Қазақстан» - атты аудандық этно-мәдени орталығының кәріс ұлтының жетекшісімен кездесу, «Балалар әлемді бейнелейді» атты сурет

көрмесі, флешмобтар, ән-би байқаулары және т.с.с.

Күшті жақтары (Strengths)	Әлсіз жақтары (Weaknesses)
Оқушылардың мәдени-эстетикалық ұстанымдарын, лингвистикалық, музыкалық, логикалық зейінде ұлғайтуға бағытталған іс-шаралар өткізілді, «Балалар және театр» ағартушылық жобасы.	Түрлі байқаулардың сапасының төмендеуі
Мүмкіндіктер (Opportunities)	Қауіптер (Threats)
Патриоттық тәрбие беру арқылы гимназиямыздағы 15 ұлт өкілдерінің бірлігін ұлғайту	Гимназиямыздағы орысша оқу тілімен сыныптарындағы іс-шаралардың аздығы

Ақпараттық мәдениет бағыты.

Мақсаты: оқушыларды ақпараттық қоғамда сүру үшін сапалы біліммен қаруланған, бәсекеге қабілетті, жан-жақты ойлауға, талдау жасай білуге, ақпараттық сауаттылық пен ақпараттық мәдениеттілікке тәрбиелеу және де ата-аналарға ақпаратты жеткізу. Жыл бойы жүргізілген іс-шаралар - ата-аналар жиналыстары, «Мектеп формасы», «Мектептің ішкі тәртіп ережелері», «Қауіпсіз жол – қауіпсіз болашақ» акциясы, жас жол инспекторларының «Қауіпсіз мектеп» тақырыбында түсіндірме жұмыстары, «Бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтар туралы» тақырыбында ата-аналар арасында дөңгелек үстел, «Жолда жүру ережелері» атты түсіндірме жұмысы, Жамбыл облысына танымал тұлғамен кездесу (ақын-жазушы Елен Әлімжан) және т.с.с.

Күшті жақтары (Strengths)	Әлсіз жақтары (Weaknesses)
Оқушылардың зияткерлік ұстанымдарын, лингвистикалық, музыкалық, логикалық зейінде ұлғайтуға бағытталған іс-шаралар өткізілді	Пәндер бойынша оқушыларға жекелеген жобалардың аздығы
Мүмкіндіктер (Opportunities)	Қауіптер (Threats)
Патриоттық тәрбие беру арқылы гимназиямыздағы 15 ұлт өкілдерінің бірлігін ұлғайту	Гимназиямыздағы орысша оқу тілімен сыныптарындағы іс-шаралардың аздығы

Салауатты өмір салты және дене тәрбиесі бағыты.

Мақсаты: салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. Жыл бойы жүргізілген іс-шаралар – «Денсаулық фестивалі», «Мен және менің отбасым» отбасылық спорттық сайыс, «Жұкпалы аурулардың алдын алу» аудандық аурухана мамандармен кездесу, суда жүздегі сақтық ережелері туралы сынып сабақтар, көңілді эстафета ойындары, бастауыш сынып оқушылары арасында асықтан «Ханталапай» ойыны, «Жарқыраған жас нұрлы, жаса, Наурыз дәстүрлі!» ұлттық ойындар, аула ойындары, аяқ доп жарыстары, 1 желтоқсан – Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күніне орай өткізілген акциясы, Президент сынамалары және т.с.с.

Оқу	Білім алушылардың денсаулығын сақтаудың алдын алу іс-шараларының пайыздық үлесі (диктант, сауалнамалар, дәрігерлермен кездесу, СӨС іс-шаралары, рейдтер т.б)
------------	---

жылдары	1-4 сыныптар (бастауыш буын)	5-7 сыныптар (орта буын)	8-11 сыныптар (жоғары буын)
2022-2024	392/80%	320/100%	223/90%

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақала аясындағы міндеттерін жүзеге асыру бойынша жұмыс.

Бағдарламалық мақаласының міндеттерін іске асыру мақсатында «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының «Өлкетану», «Отаным - тағдырым», «Саналы азамат» базалық бағыттары бойынша көптеген іс-шаралар жүргізілді.

«ӨЛКЕТАНУ» базалық бағытының мақсаты: Қазақстанның игілігіне арналған істерге қатысуға дайын өзінің кішкентай отанының тарихына, мәдениетіне, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне деген құрмет пен белсенді азаматтық позициясы бар патриот.

Атап айтқанда «Өлкетану» бағытының «Елімнің шежірелі байлығы» жобасы аясында 2022-2023 оқу жылында «Тарихтан тағлым - өткенге тағзым» атты ішкі туризм дамыту жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру үшін, тарихи-мәдени ескерткіштерді таныстыру мақсатында мектеп мұғалімдері мен оқушыларының экскурсиясының кестесі жасалынып, кестеге сәйкес 465 оқушы саяхат жасады. Тарих пәні мұғалімдері тарихи-мәдени ескерткіштері туралы оқушыларға көп мәлімет, қызықты деректер айтып берді. Рухани құндылықтар туған жерін, өскен ортасын, даңқты батырларын құрметтеп, тарихын зерделеуге жалпы патриотизмге тәрбиелейтіндігі сөзсіз. Саяхат жасаған оқушылардың тарихқа деген қызығушылықтары жоғарылап, тарихтың қойнауы терең екендігін түсініп, жақсы әсер алғандарын жасыра алмады. Ата-аналардың демеушілігімен 9-11 сынып оқушыларымен (жалпы – 50 оқушы) күзгі демалыс күндерінде Тараз қаласына экскурсия ұйымдастырылды. Алдымен, Тараз қаласында орналасқан Тектұрмас Х-ХІV ғ.ғ. сәулет комплексіне, ХІ ғ. Қарахан және ХІІІ ғ. Дауытбек кесенелер комплексіне, Бабаджа хатун кесенесіне, Айша-бibi – ХІ-ХІІ ғ.ғ. кесенесіне, ХІХ ғ. Кали-Юнус шығыс моншасына және әрі-қарай Оңтүстік Қазақстан облысына, яғни Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жол тартты. Экскурсия барысында оқушылар көптеген тарихи мағлұмат алып, білімдерін байытты.

«ОТАНЫМ – ТАҒДЫРЫМ» базалық бағытының мақсаты: шынайы прагматизм синергиясында және біртұтас ұлы ұлтқа тәнділік сезімі бар білім беру ғұрпында тәрбиеленген жеке тұлға. «Сөз - тілдің көркі» жобасы аясында мәнерлеп оқу байқаулары өтсе, «Дарынды ұрпақ – ел болашағы» жобасы аясында оқушылар әртүрлі шығармашылық байқаулардың жеңімпаздары атанса, «Туған жер. Туған ел. Туған глобал» жобасы аясында «Рухани жаңғыру – ұрпақ игілігіне бағытталған жол» -атты оқушылардың халықаралық ғылыми-практикалық конференция мен «Ұлы дала елінің өнерлі де, өрлі талантты ұрпағымыз!» атты оқушылардың өнер байқауы өткізілді.

«САНАЛЫ АЗАМАТ» базалық бағытының мақсаты: бүкіл өмір бойы білім алуға, қоршаған әлемнің сын-тегеурінін қабылдауға және өзінің өмір сүру сапасына қанағаттануға дайын жалпы адами құндылықтар және бәсекеге қабілеттілік негізінде белсенді өмірлік стратегиясы бар әрбір жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына ықпал ететін жағдайларды жасау. «Мамандықтар әлемі» жобасы аясында табысты жеке кәсіпкерлермен кездесу, «Өнертапқыштыққа алғашқы қадамы» жобасы аясында «Физика әлемінде» өнертапқыштардың көрмесі өткізілді.

Қорытындылай келе, міне осы тәрбие жұмысының 8 бағыт бойынша және «Рухани жаңғырудың» «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының 3 базалық бағыттары бойынша жұмыстар атқарылды. Барлық өткізілген іс-шаралар мектеп-гимназиямыздың әлеуметтік желіде, яғни Фейсбук парақшасында, «Байзақ- Білім-

Жамбыл» және «Байзақ ауданы білім бөлімі» парақшаларында жарық көрді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» - демекші осындай ауызбіршілік арқасында әлі талай істерді атқаруға болады.

"Табысты гимназия - 2025" стратегиялық даму жоспарының "Жаңа ұрпақ" кешенді бағдарламасының 2023-2024 оқу жылдығында жүргізілген "Сәтті қадам", "Азамат" "Саламат", "Тұлға" жобаларының орындалу деңгейі

Гимназия ұжымы тәрбие саласының бағыттарын негізге ала отырып, мемлекеттің дамуына үлес қосатын, көптілді және рухани кемелденген, саламатты тұлға қалыптастыру мақсатында «Табысты гимназия - 2025» стратегиялық даму жоспары негізінде жұмыс жүйесін қалыптастырды. Гимназияда тәрбие жұмыстары негізінен «Жаңа ұрпақ» кешенді бағдарламасының «Сәтті қадам», «Саламат», «Азамат», «Тұлға» жобалары арқылы жүзеге асады.

«Саламат» жобасының 2023-2024 оқу жылындағы педагог-психологтарының атқарылған жұмыстары туралы сараптамалық талдауы

Мақсаты: Жан-жақты дамыған, рухани бай, өз ойын еркін айта алатын, адамгершілік тұрғыда және интеллектуалды даму деңгейі жоғары, қоршаған ортамен үйлесімді қатынаста болатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

-

Алған білім, біліктерін өмірде пайдалана білуге машықтандыру;

-

Оқушылардың өзін-өзі басқару перспективалары мен концепциялары негізінде көшбасшылыққа тәрбиелеу;

-

Оқушылардың өзін-өзі құрметтеу деңгейін көтере отырып, қоршаған ортаға эмоционалдық жағымды қатынастарды дамыту;

-

Табиғатты қорғау және өзгертуге байланысты оқушыларды жаппай қоғамдық пайдалы еңбекке қосу.

«Сенім» психологиялық орталығы бес бағыт бойынша жұмыс жасайды.

1. Психологиялық анықтау

Мақсаты: Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу

2. Психологиялық түзету

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау

3. Психологиялық алдын-алу

Мақсаты: Адамның психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысын біліктілікті дамыту.

4. Психологиялық ағарту

Мақсаты: Жеке тұлғаның психология туралы түсінігін қалыптастыру және дамыту

5. Психологиялық кеңес беру

Мақсаты: Барлық қатысушыларға педагогикалық үдерістердегі мәселелерді шешуге көмек көрсету

Психологиялық анықтау

Сынып ұжымдарындағы психологиялық ахуалды анықтау, топ көшбасшылары

мен қарым-қатынаста шеттелген оқушыларды анықтау және оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайту жұмыстары жүргізілді.

5 сынып оқушыларының мектепке деген ынтасын анықтау мақсатында психологиялық тест жүргізілді.

Орта буын оқушыларынан бір-бірімен қарым-қатынасының қандай екендігін, өздерін ортада ұстау, көрсету мүмкіндіктерін, шеттетілген оқушыларды анықтау мақсатында «Мен қарым-қатынаста қандаймын?» атты тест жүргізілді.

Жоғары сынып оқушыларынан темперамент типтерін анықтау мақсатында Айзенктің 79 сұрақтан құрылған әдістемесі жүргізілді.

Жақсы жақтары	Әлсіз жақтары
Оқушыларға зорлық-зомбылықты, жыныстық тиіспеушілікті алдын алу мақсатында тренингтер өту	Тренинг барысында немесе психологиялық іс-шараларда оқушылар өз ойларын білдіре алмауы, қарым-қатынасқа түсе алмауы
Мүмкіндіктер	Қауіптер
Оқушылардың психикалық үрдістеріне, мінез-құлық, темперамент ерекшеліктеріне зерттеу жүргізу	Тренинг барысында немесе психологиялық іс-шараларда оқушылар өз ойларын білдіре алмауы, қарым-қатынасқа түсе алмауының әсерінен оқушы өзгелерден өзін оқшау сезінуі

Психологиялық түзету, алдын алу

Түзету жұмыстары бойынша оқушылармен келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында «Көңілді шеңбер» т.б. ойындар балалардың сабаққа деген қызығушылықтарына жақсы әсер берді. 4 сынып оқушыларының ОЖСБ-ға психологиялық дайындау мақсатында, «Сенімділік күш береді», т.б тақырыптарда тренингтер жүргізілді. Сондай-ақ 4 сынып оқушыларымен орта буынға көшу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Түрлі тренингтер жүргізілді.

Ата – аналармен тренинг жүргізілді. Жеке балалармен жүргізілген жұмыстар мектепте оқуы, тәртібі қиын балалар және мінезінде ауытқушылығы бар оқушылармен қолдау көрсету жұмыстары жүргізілді. Тәртібі қиын оқушылармен жеке кеңес беру, түзету жұмыстары мен алдын алу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде біраз оқушылар өзін – өзі тәрбиелеу арқылы жетістікке жетті.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Оқушылардың дарындылығын анықтау мақсатында әдістемелер қолдану, жауабын шығару	Оқушылар өздеріне ұнайтын және ұнамайтын пәндерді жазуында жауапкершілікпен қарамауы
Мүмкіндіктер	Қауіптер
Оқушылардан «Пәнге мотивация» сауалнамасын алу	Пәнге мотивацияның нәтижесінің дұрыс шықпауы

Психологиялық ағарту, кеңес беру

Әр сыныптың ата – аналар жиналысында оқушының психологиялық дамуындағы ерекшеліктері, олардың бос уақытын ұйымдастыру туралы мәселелер қарастырылды. Сондай-ақ ата-аналармен бала тәрбиесіне қатысты түрлі сауалнамалар алынып қорытындысы бойынша ата-аналармен жұмыстар жүргізіліп кеңестер берілді.

Оқушыларға сурет салу тапсырылды. Еркін тақырыпта барлығы дерлік өздерінің жанұясы, тұратын баспанасын бейнелеп салған. Мақсаты: оқушылардың

суретте салудағы контурын анықтау және өзін-өзі тану. Оқушылар салған суреттерін баяндап берді.

Жеке және топтық кеңес беру саны: 190

Атқарылған жұмыстар саны

Сауалнама	Тест	Тренинг	Кеңес беру	Ата-аналар жиналысы
3	5	17	190	11

Ұсыныс:

1. Ата-аналарды баламен өзара қарым-қатынас нысандарын өзгертуге ынталандыру;
2. Сынып оқушылары арасында диагностикалық зерттеулер мен топтық және жеке кеңестер беру жұмыстарын күшейту;
3. Оқушылардың топтық және жеке диагностикалық жұмыстарының нәтижелері бойынша кеңес беру;
4. Дарындылықты анықтау жұмысын, әдістемесін нақты бір сауалнамаға немесе тестке сүйене отырып дайындау;
5. Әрбір оқушымен жеке жұмыс жүргізу мақсатында олардың қабілетін ерте анықтау үшін психологиялық зерттеулер жүргізу.


Келесі оқу жылына психологиялық қызмет мынадай жұмыстарды іске асыруды жоспарлайды:

- ✓ Жаңадан келген оқушыларға бейімделу кезеңін ұйымдастыру және қолдау;
- ✓ Оқушы-спортшылардың психикалық процестерін дамыту үшін түзету жаттығуларын өткізуді жалғастыру;
- ✓ Кәсіптік бағдар беруді дамыту;
- ✓ Мұғалімдерге психологиялық көмек көрсетуді жалғастыру; релаксация әдістерін үйрету, қобалжу және бәсекелестіктен қорқу сезімдерін бәсеңдету;
- ✓ Сұраныс бойынша мектептің әкімшілігінің жұмысына, ата-аналар жиналысына қатысуды жалғастыру, мұғалімдерге өз оқушыларын жақсырақ түсінуге көмектесу, оқушылардың қарым-қатынас дағдысын дамыту.


**«Жаңа ұрпақ» кешенді бағдарламасының «Тұлға» жобасының
2024-2025 оқу жылғы аналитикалық талдауы
Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға,
фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері.**

Спорттық байқаулар						
№	Оқу жылы	2023-2024 оқу жылы				
	Республикалық олимпиаданың кезеңдері	Қатысқан оқушылар саны	I	II	III	Алғыс хат
1	Аудандық	55	11 (55%)	3 (15%)	6 (30%)	-
2	Облыстық	11	4 (36%)	3 (28%)	4 (36%)	-
3	Республикалық	-	-	-	-	-

2023-2024 оқу жылында спорттық түрлі байқауларға жалпы 55 оқушы қатысып, 11 оқушы I орын, 3 оқушы II орын, 6 оқушы III орынмен марапатталды .



2022-2023 оқу жылы



2023-2024 оқу жылы

Шығармашылық және мәдени конкурстар, фестивальдар мен байқаулар						
№	Оқу жылдары	2023-2024 оқу жылы				
	Республикалық олимпиаданың кезеңдері	Қатысқан оқушылар саны	I	II	III	Алғыс хат
1	Аудандық	10	2 (67%)	1 (33%)	-	1
2	Облыстық	9	5 (71%)	2 (29%)	-	-
3	Республикалық	5	4 (100%)	-	-	1

Мектеп-гимназиясының 2023-2024 оқу жылы тәрбие жұмыстарының аналитикалық талдауы

№31 гимназиясы 2023-2024 оқу жылында 29.08.2024 жылы №1 педагогикалық кеңестің шешімімен Тәрбие жылдық жұмыс жоспары қарастырылып, бекітілді
Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеті:

Бүгінгі

түсініктері берік бекіген, кез-келген ісінде патриоттық сезімі көрініс тапқан ұрпақ. Мұндай ұрпақты тәрбиелеу ісінде мемлекет мектепке зор талаптар қойып, үлкен сенім артады.

Тәрбие беру бағытында мемлекеттік саясатты білім беруді дамытудың 2023-2024 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында білім беру жүйесін жаңғырту – жоғарғы мақсаттардың бірі. Тұлғаның өзін өзі билеуін, өзін өзі жүзеге асыру, отбасы және білім беру мекемелері педагогикалық ұжымдарының өзара іс-әрекеті үшін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында тәрбиенің нақты мақсаттары мен міндеттерін анықтау, тәрбие кеңістігін модельдеу-рухани тұлға қалыптастырудың негізі болады.

Мектеп-гимназия осы бағытта үздіксіз білім беру жүйесіндегі жеке тұлғаның ұлттық және жеке адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы, оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау, баланы тәрбиеленуі, білім алуы мен жан-жақты қалыптасуы, ана тілі мен салт-дәстүрлерін сақтауы, денсаулығын нығайтуы сияқты Қазақстандық патриотизмге, төзімділікке, жоғары

мәдениеттілікке және құқық пен еркіндікті құрмет тұтуға тәрбиелеу - «Ұлттық рухани байлық» көзі ретінде қарастырылып, осы тұрғыда оқушылардың сана-сезімін қалыптастыра отырып тәрбиелеу міндеттелген.

Мектеп-гимназияның тәрбие жұмысының мақсаты:

Бәсекеге қабілетті, өзін-өзі басқара білетін, қарым-қатынас, ақпаратты, интеллектуалдық, жұмыс істеу білу, мәдениеті дамыған және зерттей білетін, іс-әрекет жасай білетін, дағдысы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу.

Міндеттер:

9. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті және патриот қалыптасуына: тұлғаның саяси, құқықты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға, балалар мен жастардың құқықты санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатігездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұлға дайын болуына ықпал ету;
10. Тұлғаның рухани-адамгершілік және эстетикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлері мен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттары қалыптастыруға ықпал ету;
11. Тұлғаның жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлауына, ана тілді мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету;
12. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын психологиялық-педагогикалық күзіреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету;
13. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына, саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту;
14. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамсыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастырылуына ықпал ету;
15. Білім беру ұйымдарына көп мәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлқы дағдыларын қалыптастыру, тұлғаны өнерде және болмыста этникалық нысандарды қабылдау, меңгеру және ықпал ету;
16. Салауатты өмір салты дағдыларының тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары:

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының келесі бағыттары арқылы өтеді.

9. Қазақстандық патриотизм және азаматтық.
10. Рухани-адамгершілік мәдениет
11. Ұлттық тәрбие
12. Зияткерлік
13. Экономикалық, экологиялық тәрбие
14. Көп салалы мәдениеттілік шығармашылық, көркемділік-эстетикалық және мәдени танымдылық
15. Ақпараттық мәдениет
16. Салауатты өмір салты және дене тәрбиесі.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие бағыты

Мақсаты: жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты, тұлғаның саяси даярлығын қалыптастыру. Патриоттық сананы қалыптастыру бағытында – Отанымыздың тағдыры үшін, елді бейбіт және әскери жағдайда қорғауға жауапты Қазақстан азаматы мен патриотының тұлғасын

тәрбиелеу. Жыл бойы өткізілген іс-шаралар – жаңа оқу жылының басталуына байланысты «Алғашқы қоңырау» мерекелік іс-шара, «Мен – өз елімнің патриотымын!» тақырыбындағы тәрбие сағаттар, «Ауылым - алтын бесігім!» - тәрбие сағаттар, «Тәуелсіздік – ел тірегі» тақырыбында салтанатты жиындар, «Мәңгілік ел - мұратым» тақырыбында патриоттық акция, «Достық» Республикасының өзін-өзі басқару күндері (қазан, қаңтар айларында), «Жас ұлан» ұйымының жұмысы, «Туған жерім тұғырым - Қазақстан» тақырыбында дөңгелек үстел, «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс», «ҚР Мемлекеттік рәміздері», «Менің құқығым және міндеттерім» тақырыбында тәрбие сағаттар, «Ауған ақиқаты» - атты ауған соғысы ардагерлерімен кездесу, «Айбын» патриоттық-спорттық сайысы.

«Руханият» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» өзіндік және басқа халықтардың адамгершілік, этикалық, бейнелеу- эстетикалық негіздерін дамытуға және қалыптастыруға, өз түсініктеріңді басқа адамдар мен әлеуметтік топтардың қызығушылықтарымен біріктіруге, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруға арналған бағыт.

«Ұстазым ұлы тұлға» тақырыбында біріңғай ашық тәрбие сағаттары, мерекелік құттықтау іс-шаралары ұйымдастырылды. Аталмыш шара ұстаздың адам өмірінде алатын орын зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту. Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру.

«Кемелді келешекке – кемеңгер Елбасымен» атты аудандық форумға Жас Ұландықтар белсене қатысты. Алғыс хатпен марапатталды.

«Отан» бағыты – жасұландықтардың санасында қазақстандық танымның және мәдени түсініктің қалыптасуына, азаматтық парыздың орындалуына, толеранттылық пен патриоттық, отанға қызмет етудің маңыздылығы, өз халқын үшін мақтаныш сезімі, мемлекеттік рәміздерді, мемлекеттің және туған өлкеңнің идеологиялық негіздерін білуге жағдай жасайтын бағыт.

Жалғыздікті қарттарға оқушылардың қолдан келген көмектерін көрсетіп, балаларды жанашырлық, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіру, қарттарымызды құрметтеп, сыйлауға, үлкенге өнеге кішіге үлгі бола білуді үйрету мақсатында «Қарияларға қамқорлық көрсетейік» тақырыбында жалғыздікті қарт кісілерге көмек көрсету іс-шарасы өтті.

Жасұландық оқушылар 1 қазан мерекесіне орай Төле би №45 үйдің тұрығыны Малгелдиева Әтіркүл анамен кездесіп келді. Әтіркүл апайдың үйіне барып көмектесіп, бақшасындағы арам шөптерден тазалап, тазалаық жұмыстарын жүргізді. Мерекесімен құттықтап, ән шашуларын арнап көңілін көтеріп қайтты.

Ғазиз Байтасовтың өмірі мен ерлігі атты дөңгелек үстел өткізілді. Оқушыларымыз Ғазиз Байтасовтың өмірі мен ерлігі туралы видеороликтер көріп өз ойларын ортаға салды.

«Жеті жарғы» бағыты- мектеп Жарғысын, оқушыларға арналған мінез –құлық ережелерін білуге оны сақтауға, мемлекет пен оның заңдарын құрметтеп қарауға, ел байлығын халық игілігіне жұмсауға ат салысатын оқушылардың азаматтық белсенділігін қалыптастыруға, заң бұзушылыққа қарсы күресуге ықпал ететін шараларды, жастар арасында әр түрлі жүргізілетін әлеуметтік-құқықтық маңызы бар шараларды қамтиды.

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына «Мен Тәуелсіз елдің ұланымын» тақырыбында ұйымға оқушыларды салтанатты қабылдау. Жалпы ұйымға бастауыш, орта буын оқушылары қабылданды.

2-4 сынып оқушылары жалпы 10 оқушы «Жас қыран» қатарын толықтырып, оларға жас қыран төсбелгісі берілсе, орта буынның 5-7 сыныптың 25 оқушысына

«Жас ұлан» төс белгісі тағылды.

«Жол ережесінің қауіпсіздігі» атты аудандық айлық өткізілді. Тақырыпқа сай оқушылар арасында ашық тәрбие сағаты, мектеп инспекторымен кездесу, сурет көрмесі өткізілді.

«Зерде» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» интеллектуалдық мәдениетін, ойлау қабілетінің белсенділігін, ақыл-ой деңгейін және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға арналған іс-шаралар.

1 қыркүйек Салтанатты жиын.

«Тілім менің тірегім» мәнерлеп оқу байқауы өтті. Байқауға оқушылар белсенді түрде қатысып, мақтау грамоталарына ие болды.

9-10 сынып оқушылары арасында «Көшбасшы» интеллектуалды ойын ұйымдастырылды.

10

«

А) сынып оқушылары жеңіске жетіп мақтау грамотларымен марапатталды.

«Салауат» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» салауатты өмір салтын қалыптастыруға, спорттық, туристік, экспедициялық және өлкетанушылық бағдарламаларды ұйымдастыру арқылы дене шынықтыруды дамытуға әсер ететін бағыт.

Отбасы күніне орай «Отбасы бақыт мекені» тақырыбында бейнероликтер байқауы өтті. Сайыстың мақсаты балалардың денсаулығын нығайту, ұйымшылдыққа баулу, балалардың қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, түрлі спорттық түрлерін еркін ойнауға үйрету, спортқа қызығушылықтарын арттыру.

«Денсаулық» фестивалі ұйымдастырылды. Оқушыларымыз белсене ат салысып қатысты.

«Жастар есірткісіз өмірді қолдайды» тақырыбында мектебіміздің медбикелермен танымдық сағат өткізілді. Мектебіміздің медбикесі Г.Әбілдаева оқушыларға ақыл кеңесін беріп өтті.

«Еңбек» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» бойында еңбектің ең бірінші өмірлік қажеттілік, өмірлік табыстарға жетудің басты тәсілі мен жоғары құндылық екендігін түсіндіретін, олардың мамандандырылған бейініне әсер ететін, «бизнес-инкубаторлар» мен балалар кәсіпорындарын құру арқылы кәсіптік білім беретін, кәсіпкерлік, экономикалық және құқықтық біліктіліктерін қалыптастыратын бағыт.

«Күз береке, күз мереке» тақырыбында өткен мерекелік жәрмеңке ұйымдастырылды.

Мақсатында оқушыларды ұйымшылыққа, адалдыққа, еңбекқорлыққа, кәсіпкерлік қабілетін шыңдауға дағдыландыру. Шараға 5-7 сынып оқушыларынан құралған 16 топ қатысып, өз белсенділіктерін көрсетті.

1-10 сынып оқушылары арасында "Тән саулығының тамыры-тазалықта" тақырыбында сенбілікке шығып өз аулаларына тазалық, тал отырғызу, оны күтіп-баптау сынды жұмыстар жасады.

«Экоәлем» бағыты-табиғат туралы түсініктерін кеңейтуге, табиғат пен адамзат арасындағы байланысты сезінуге, қоршаған орта сұлулығын сезінуге және көре білуге, оны қорғауға, туған өлке табиғатын танып білуге, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, экологиялық зардаптардың себебін түсініп, оны жоюға ұмтылатын, жалпы экологиялық мәселенің адамзат тіршілігіне тікелей байланысын сезінуге ықпал ететін шараларды қамтиды.

«Бір тал ексең, он тал ек» тақырыбында өткен іс-шараға мектебіміздің оқушылары тал егудің өзіндік бір тәрбие екендігін дәлелдеп, белсене қатысты. Адамзат өмірінде қай заманда, қай қоғамда болмасын озық ойлы, өз заманы мен өз замандастарынан оқ бойы алда жүретін көшбасшылар жасыл желекке, ағаш егуге,

атын қалдыруға ерекше мән берген.

Оқушылар арасында «Күздің кереметі» атты экибано жасады. Белсене қатысқан 9 «А» сынып оқушылары грамотамен марапатталды.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты.

Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру. Жыл бойы өткізілген іс-шаралар – «Мен өмірді тандаймын» тақырыбында шаралар, қайырымдылық акциялары, қарт адамдарға үйлеріне барып көмектесу, «Қыздар мен ұлдар арасындағы қарым-қатынас» оқушылар арасында ашық әңгімелесу, М. Мақатаевтың шығармашылығына арналған «Мәңгі өшпес жырымен із қалдырған» атты байқауы, 31 мамыр саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған ашық сабақ, дөңгелек үстел өткізілді.

Ұлттық тәрбие бағыты.

Мақсаты: тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау. Жыл бойы өткізілген іс-шаралар – «Қазақ қызына тән ерекшеліктер» тақырыбында сынып сағаттар, «Қазақтың ұлттық нақыштары» қыздар арасында шеберлік сыныптар, «Қыз – ананың айнасы» тақырыбында ток-шоу, «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» атты дөңгелек үстел, «Жеті атасын білмеген жетесіз...» тақырыбында пікірталас, «Отбасындағы рухани-адамгершілік құндылықтар мәдениеті және оның балаға әсері» тақырыбындағы дөңгелек үстел, «Отбасы тәрбиесіндегі халықтық дәстүр және отбасының рухани-адамгершілік негізі» тақырыбында сынып сағаттар, «Жігіт сұлтаны», «Инабатты ару - 2018» байқаулары, «Қазақ халқының батырлары» және «Наурыз - ұлт құндылықтарының бастауы» атты қойылымдар байқаулары және т.с.с.

Зияткерлік тәрбие бағыты.

Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын қалыптастыру. Жыл бойы өткізілген іс-шаралар – “XXI ғасыр көшбасшысы”, «Ой мен ойын» атты интеллектуалды сайыстар, викториналар, мектепішілік ғылыми жобалар байқауы және т.с.с.

Экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты.

Мақсаты: тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Оқушыларға табиғатты аялау, Отанды сүю, қоршаған ортаны көркейту, таза ұстау жауапкершілігін арттыру. Жыл бойы өткізілген іс-шаралар - «Мектеп – менің екінші үйім» атты тазалық сенбіліктер, «Қолжетімді кітап» акциясы, «Бизнес класс» атты жеке кәсіпкерлермен кездесулер, «Түлектердің аллеясына» тал отырғызу және көгалдандыру жұмыстары, «Берекелді алтын күз» атты күзгі жәрмеңке, қалдық қағаздарды жинау акциялары және т.с.с.

Көп салалы мәдениеттілік шығармашылық, көркемділік-эстетикалық және мәдени танымдылық тәрбие бағыты.

Мақсаты: тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру. Жыл бойы өткізілген іс-шаралар - «Тілім менің - айбыным» атты мәнерлеп оқу байқауы, «ЭКСПО-2017. Әлемдік экономикалық мүмкіндіктер», «Латын әлипбиі бізге керек пе?» атты 7-10 сынып оқушылар арасында мектепішілік дебат, «Әнші балапан» жас әншілер байқауы, «Атадан қалған мұрамыз» домбырашылар байқауы, «Арайлы алтын күз» және «Күз ханшайымы» байқауы, «Ортақ үйіміз - Қазақстан» -

атты аудандық этно-мәдени орталығының кәріс ұлтының жетекшісімен кездесу, «Балалар әлемді бейнелейді» атты сурет көрмесі, флешмобтар, ән-би байқаулары және т.с.с.

Ақпараттық мәдениет бағыты.

Мақсаты: оқушыларды ақпараттық қоғамда сүру үшін сапалы біліммен қаруланған, бәсекеге қабілетті, жан-жақты ойлауға, талдау жасай білуге, ақпараттық сауаттылық пен ақпараттық мәдениеттілікке тәрбиелеу және де ата-аналарға ақпаратты жеткізу. Жыл бойы жүргізілген іс-шаралар - ата-аналар жиналыстары, «Мектеп формасы», «Мектептің ішкі тәртіп ережелері», «Қауіпсіз жол – қауіпсіз болашақ» акциясы, жас жол инспекторларының «Қауіпсіз мектеп» тақырыбында түсіндірме жұмыстары, «Бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтар туралы» тақырыбында ата-аналар арасында дөңгелек үстел, «Жолда жүру ережелері» атты түсіндірме жұмысы, Жамбыл облысына танымал тұлғамен кездесу (ақын-жазушы Елен Әлімжан) және т.с.с.

Салауатты өмір салты және дене тәрбиесі бағыты.

Мақсаты: салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. Жыл бойы жүргізілген іс-шаралар – «Денсаулық фестивалі», «Мен және менің отбасым» отбасылық спорттық сайыс, «Жұқпалы аурулардың алдын алу» аудандық аурухана мамандармен кездесу, суда жүздегі сақтық ережелері туралы сынып сабақтар, көңілді эстафета ойындары, бастауыш сынып оқушылары арасында асықтан «Ханталапай» ойыны, «Жарқыраған жас нұрлы, жаса, Наурыз дәстүрлі!» ұлттық ойындар, аула ойындары, аяқ доп жарыстары, 1 желтоқсан – Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күніне орай өткізілген акциясы, Президент сынамалары және т.с.с.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақала аясындағы міндеттерін жүзеге асыру бойынша жұмыс.

Мемлекет басшысының 2019 жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақала жарық көргені туралы барлығымыз білеміз. Елбасы қоғамдық сананы жаңғыртудың 6 бағытын айқындап берді (бәсекеге қабілеттілік, прагматизм; ұлттық сәйкестікті сақтау; білім беру ғұрпы; революциялық емес, Қазақстанның эволюциялық дамуы; сананың ашықтығы). Бағдарламалық мақаласының міндеттерін іске асыру мақсатында «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының «Өлкетану», «Отаным - тағдырым», «Саналы азамат» базалық бағыттары бойынша көптеген іс-шаралар жүргізілді.

«ӨЛКЕТАНУ» базалық бағытының мақсаты: Қазақстанның игілігіне арналған істерге қатысуға дайын өзінің кішкентай отанының тарихына, мәдениетіне, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне деген құрмет пен белсенді азаматтық позициясы бар патриот.

Атап айтқанда «Өлкетану» бағытының «Елімнің шежірелі байлығы» жобасы аясында 2019-2020 оқу жылында «Тарихтан тағлым - өткенге тағзым» атты ішкі туризм дамыту жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру үшін, Байзақ ауданы көлемінде орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштерді таныстыру мақсатында мектеп мұғалімдері мен оқушыларының экскурсиясының кестесі жасалынып, кестеге сәйкес 465 оқушы саяхат жасады. Оның ішінде – орталық аудандық музей, Байзақ датқа кесенесі, Оххум, Түймекент қалашығы, Ақыртас сарай кешені, Қостөбе және Барысхан қалашықтары. Тарих пәні мұғалімдері тарихи-мәдени ескерткіштері туралы оқушыларға көп мәлімет, қызықты деректер айтып берді. Рухани құндылықтар туған жерін, өскен ортасын, даңқты батырларын құрметтеп, тарихын зерделеуге жалпы патриотизмге тәрбиелейтіндігі сөзсіз. Саяхат жасаған оқушылардың тарихқа деген қызығушылықтары жоғарылап, тарихтың қойнауы терең екендігін түсініп, жақсы әсер алғандарын жасыра алмады. Ата-аналардың

демеушілігімен 9-11 сынып оқушыларымен (жалпы – 50 оқушы) күзгі демалыс күндерінде Тараз қаласына экскурсия ұйымдастырылды. Алдымен, Тараз қаласында орналасқан Тектұрмас Х-ХІV ғ.ғ. сәулет комплексіне, ХІ ғ. Қарахан және ХІІІ ғ. Дауытбек кесенелер комплексіне, Бабаджа хатун кесенесіне, Айша-бibi – ХІ-ХІІ ғ.ғ. кесенесіне, ХІХ ғ. Кали-Юнус шығыс моншасына және әрі-қарай Оңтүстік Қазақстан облысына, яғни Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жол тартты. Экскурсия барысында оқушылар көптеген тарихи мағлұмат алып, білімдерін байытты.

«Алтын адам» жобасы аясында Байзақ ауданы К.Әзербәев атындағы саз мектебінде «Қазақтың ұлттық аспаптары» тақырыбында және Тараз қаласында орналасқан музей базасында «Алтын адам» тақырыбында сабақтар өткізілді.

«ОТАНЫМ – ТАҒДЫРЫМ» базалық бағытының мақсаты: шынайы прагматизм синергиясында және біртұтас ұлы ұлтқа тәнділік сезімі бар білім беру ұрпында тәрбиеленген жеке тұлға. «Сөз - тілдің көркі» жобасы аясында мәнерлеп оқу байқаулары өтсе, «Дарынды ұрпақ – ел болашағы» жобасы аясында оқушылар әртүрлі шығармашылық байқаулардың жеңімпаздары атанса, «Туған жер. Туған ел. Туған глобал» жобасы аясында «Рухани жаңғыру – ұрпақ игілігіне бағытталған жол» -атты оқушылардың халықаралық ғылыми-практикалық конференция мен «Ұлы дала елінің өнерлі де, өрлі талантты ұрпағымыз!» атты оқушылардың өнер байқауы өткізілді.

«САНАЛЫ АЗАМАТ» базалық бағытының мақсаты: бүкіл өмір бойы білім алуға, қоршаған әлемнің сын-тегеурінін қабылдауға және өзінің өмір сүру сапасына қанағаттануға дайын жалпы адами құндылықтар және бәсекеге қабілеттілік негізінде белсенді өмірлік стратегиясы бар әрбір жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына ықпал ететін жағдайларды жасау. «Мамандықтар әлемі» жобасы аясында табысты жеке кәсіпкерлермен кездесу, «Өнертапқыштыққа алғашқы қадамы» жобасы аясында «Физика әлемінде» өнертапқыштардың көрмесі өткізілді.

Қорытындылай келе, міне осы тәрбие жұмысының 8 бағыт бойынша және «Рухани жаңғырудың» «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының 3 базалық бағыттары бойынша жұмыстар атқарылды. Барлық өткізілген іс-шаралар мектеп-гимназиямыздың әлеуметтік желіде, яғни Фейсбук парақшасында, «Байзақ- Білім-Жамбыл» және «Байзақ ауданы білім бөлімі» парақшаларында жарық көрді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» - демекші осындай ауызбіршілік арқасында әлі талай істерді атқаруға болады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасысының **мақсаты:** әлеуметтік әріптестік арқылы білім алушылардың оқу құзіреттілігін, оқу мәдениеті мен оқу белсенділігін арттыруды, оқу сауаттылығы, оқырман қауымдастығын қалыптастыру, оқушы, ата-аналар және мұғалімдердің кітапқа деген мәдениетін арттыру. Мектебімізде акция жоспар бйынша өткізіледі. Барлығы 93 мұғалім қатысты. Акцияға 2000 жылдан бастап жарық көрген қазақ және орыс тілдеріндегі: тарихи, құқықтық, көркем және балалар әдебиеті тақырыптарындағы заманауи әдебиеттер қабылданды. Мектеп мұғалімдері акцияға белсене қатысып, кітапханаға 35 дана кітап сыйға тартты.

Акцияның мақсаты: – ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік деген туындыны оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ жастарды отаншылдыққа әрі өнегелілікке тәрбиелеу.

Буккроссинг - бұл оқырмандарды әсіресе жастарды кітапханға тартудағы заманауи әдіс. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында мектеп кітапханасында «Буккроссинг» кітап алмасу бұрышы ұйымдастырылды. Бұл бұрышқа кез келген оқушылар үзілісте кітаппен таныса алады және ұнаған кітапты оқуға өзімен алуға болады. Егер ұнатса өзіне қалдырады. Ал орнына өзі оқып тастаған кітапты немесе газет-журналдарды қойып

кетеді. Біз бақылау жүргізбейміз. Оқырман билеті толтырылмайды. Мұны ашық кітапхана деуге болады. Мақсаты – кітаптарға екінші өмір сыйлау, олардың пайда әкелуіне жол ашу. Яғни, кітаптар сөрелерде бекерге шаң басып жатпауы керек. Қорыта айтқанда, буккроссинг «өзің оқы да, өзгеге ұсын» қағидасына негізделген қарапайым іс-әрекеттен тұрады. Кітаптармен алмасу ізгілігі балаларға ұнады.

№	Шеберлік сағаттар саны	Кездесулер саны	Эссе, шығарма байқаулары	Қайырымдылық акциялары	Байқаулар саны	Сурет, қолөнер көрмесі саны	Мерекелік іс-шаралар саны
1	13	4	3	4	5	6	4

Мектеп оқушыларының әлеуметтік паспорт бойынша аналитикалық мәліметтері.

Мақсаты: мектептің әлеуметтік паспортының анықтау, “тәуекел топтағы отбасыларды анықтау. ”Мектептің 3 жылдық әлеуметтік паспортына сараптама жасау барысында төмендегідей көрсеткіштер байқалды. .Р/с	Мектеп бойынша	Оқушы саны
1.	Жалпы оқушы	3282
1.1	Қыздар саны	1724
1.2	Ұлдар саны	1558
2.	Сыныптар жиынтығы:	
2.1	Жалпы сынып	115
2.2	1-4 сыныптар	44

2.3	5-9 сыныптар	54
2.4	10-11 сыныптар	16
2.5	Мектеп алды даярлық	2
3.	Отбасы құрамы:	
3.1	Толық отбасылар саны	2150
3.2	Толық емес отбасылар (ата – ананың біреуінен айырылуы)	29
3.3	Толық емес отбасылар (ата – аналары ажырасқан)	42
.5	Толық емес отбасылар (жалғыз басты	29
3.6	ата –аналар Форма №4)	
3.7	Көп балалы отбасылар	735
3.9	Аз қамтылған	85
4.	отбасыларЖетім	7
	балалар	0
4.1	Патронат	1
4.2	Жайсыз отбасы (ішімдікке салынған, нашақор, түрмеде жатқан)	0
4.3	Отбасында жалғыз балалар саны	79
4.4	Сенімхатпен туыстарында тұратын	
5.	оқушылар	1
5.1	Өгей анамен тұратын	87
5.2	оқушылар	
5.3	Өгей әкемен тұратын	0
5.4	оқушылар	4
5.5	Ұлттық құрамы	
5.6	өзбек	55
5.7	қырғыз	75
5.8	әзірбайжан	36
5.9	кәріс	49
6	татар	61
6.1	түрік	22
6.2	ингушка	24
6.3	украин	40
6.4	тәжік	9
6.5	беларус	11
6.6	неміс	28
6.7	молдован	2
6.8	поляк	8
7	чечен	29
7.1	грек	2
7.2	башкир	3
Барлығы	удмуртка	0
7.3	дүнген	15
	қазақ	87
8.	орыс	2379
8.1	ұйғыр	5
8.2	ы:	Ыла
8.3	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	р
8.4	(АСП)	10
	Есепте және қолдау орталығында тұрған	

оқуш Тәуекел тобы	0
Қалалық	0
есепте	0
Іздеуде	0
Балаларды қолдау орталығы (ЦПД)	0

«Мектепке жол» акциясы аясында

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан 48 оқушыға;
- 2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан 0 оқушыға;
- 3) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын 7 оқушыға;
- 4) төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан 0 оқушыға;
- 5) білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жататын 32 оқушыға, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін 5 оқушыға 43407 тг жеке шоттарына аударылып көмек көрсетілді.

«Халық банк» 100 жылдық мерейтойына орай, 100 игі іс акциясы аясында, 1 сыныпқа келген 2 оқушыға мектеп құралдары таратылды.

Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған оқу процесін ұйымдастыру.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін мектепте барлық жағдайлар жасалған. Мектеп ғимараты мүлдем тактильді белгілері, тақтайшалар мен көрсеткіштер, жуынатын бөлме, шақыру түймелері. Пандустары, тұтқалары, табалдырығының биіктігі, есік саңылауларының ені, барлық кіру алаңының өлшемдері мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін кедергісіз орта талаптарына сәйкес келеді.

Сонымен қатар, мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жұмыс істейді.

Педагогикалық-психологиялық қолдау:

Білім алушылардың ерекше білімге қажеттілігін анықтау және бағалау; Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу үшін білім алушылардың отбасына, педагогтарға консультациялық-әдістемелік көмек көрсету;

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды табысты оқыту, дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық жағдайлар жасау. Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы баланың даму ерекшеліктеріне сәйкес келеді, оқыту ПМПК ұсынымдарымен және мектептің психологиялық- педагогикалық қолдау қызметінің шешімімен жүргізіледі

2023-2024 оқу жылы дефектолог маманның қызметі келесі бағыттар бойынша ұйымдастырылды: диагностикалық, түзете даму жұмыстары, ағартушылық және профилактикалық, әдістемелік және аналитикалық бағыттардан.

Диагностикалық шаралар жыл бойы жүргізілген мерзімдері: оқу жылының басталған уақытта, ағымды диагностика, динамикалық тексеру жұмыстары жүргізілді. Балалардың дамуындағы ауытқушылықтар, оқушылардағы зерделік, сенсорлық бұзылыстарды саралай диагностикалау жұмыстары жүргізілді.

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың

жетістіктері

2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
1	1	0

Қорытынды: жыл сайын ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар арасында жеңімпаздар саны көбеюі байқалады.+3; Сыныпжетекшілері пән мұғалімдері мен ата-аналардың өзара іс-қимылын оңтайлы ұйымдастыруына байланысты.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейіндік оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі)

Қосымша сыныптан тыс іс-шараларды, үйірмелерді, секциялар мен факультативтерді ұйымдастырудың негізгі мақсаты -баланың таланттарын ерте анықтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту, оның қызығушылықтарының жан-жақты шеңберін қалыптастыру, өзін-өзі кәсіби анықтауға көмектесу болып табылады.

Білім беру бағдарламаларын педагогтер көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, жаратылыстану-ғылыми, экологиялық және биологиялық, дене шынықтыру-спорттық, әскери-патриоттық немесе мәдени бағыттарда дербес әзірлейді. Мектепте оқушыларға арналған іс- шаралар өткізіледі: факультативтер, дайындық курстары, пәндік олимпиадалар, танымдық, конкурстық-ойын-сауық бағдарламалары, экскурсиялар, мәдениет ұйымдарына және мектептен тыс жұмыс орталықтарына бару, тақырыптық дискотекалар, спорттық жарыстар, кәсіби бағдар бойынша іс-шаралар, мектеп студияларының, қызығушылықтары бойынша клубтардың, спорт секцияларының, үйірмелердің жұмысы.

Қосымша оқыту жүйесі оқу орнының материалдық базасында қалыптасады. Қолданыстағы кабинеттер, құрал-саймандар, әдебиеттер қолданылады. Мектеп мұғалімдері мен қосымша білім беру педагогтары өткізетін жұмыс - көшбасшылық қасиеттері дамыған, таңдау жағдайында өз бетінше шешім қабылдауға дайын, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық өзара іс-қимылға қабілетті, өз халқының тағдыры үшін жауапкершілікпен қарайтын жас азаматтарды тәрбиелеу. (2022- 2023,2023-204,2024-2025ж бойынша вариативті компонент кестесінің көшірмелері,үйірме сабақтарының жоспарлары мен сабақ кестесіне сәйкес өткізіледі.)

Негізгі мектепте ӨҚН оқытудың жеке нәтижелері: адамның өмірлік маңызды мүдделерін сыртқы және ішкі қауіптерден қорғауды қамтамасыз ететін жеке, оның ішінде рухани және физикалық қасиеттерді дамыту; салауатты өмір салты нормаларын сақтау, өмір қауіпсіздігі ережелерін саналы түрде орындау қажеттілігін қалыптастыру;

❖ қоршаған табиғи ортаны сақтауға, жеке денсаулыққа жеке және қоғамдық құндылық ретінде жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Негізгі мектепте тіршілік қауіпсіздігі негіздерін оқытудың пәндік

нәтижелері:

- ❖ қауіпсіздік туралы жеке ұғымдарды тұжырымдау дағдыларын меңгеру; себептерін талдау;
- ❖ қауіпті және төтенше жағдайлардың туындауы;
- ❖ қауіпті және төтенше жағдайлардың салдарын жалпылау және салыстыру, себептерін анықтау;
- ❖ қауіпті жағдайлардың тергеу байланыстары және олардың адам өмірінің қауіпсіздігіне әсері;
- ❖ білім алушылардың қауіпсіз мақсаттар мен міндеттерді өз бетінше анықтау дағдыларын меңгеруі;
- ❖ алға қойылған мақсаттарды іске асыру құралдары, қамтамасыз етудегі өз қызметінің нәтижелерін бағалау және жеке қауіпсіздік;
- ❖ ақпаратты қабылдау және өңдеу, идеяларды қалыптастыру қабілетін қалыптастыру,
- ❖ күнделікті өмірде жеке қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жеке тәсілдерін модельдеу;
- ❖ қауіпсіздік саласындағы ақпаратты өз бетінше іздеу, талдау және іріктеу тәжірибесі оқушылардың "Қауіпсіздік мектебі" атты балалар мен жасөспірімдер қозғалысына, түрлі үйірмелер, секциялармен клубтардың жұмысына белсенді қатысуы болып табылады. 2022- 2023 оқу жылында "Өмір қауіпсіздік негіздері" оқу курсының мазмұны "дүниетану" оқу курсы шеңберінде 1-4 сыныптарда жүзеге асырылды: жылдық оқу жүктемесі 6 сағаттан 1-3 сыныптарда болса, 4 сыныптарда –6 сағат, "дене шынықтыру" оқу курсы шеңберінде 5-9 сыныптарда дене шынықтыру мұғалімдерінің жылдық оқу жүктемесі 15 сағаттан; 10- сыныптарда "Бастапқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсы шеңберінде жылдық жүктемесі 12 сағаттан құрады. Бастапқы әскери және технологиялық даярлықты ұйымдастырушы-оқытушы арқылы іске асырылды.

2023-2024 оқу жылында 5-9 сыныптардағы "Өмір қауіпсіздік негіздері" оқу курсының мазмұны дене шынықтыру педагогтарының жылдық оқу жүктемесі 15 сағаттан тұрады және ол "дене шынықтыру" оқу курсы шеңберінде іске асырылады (ӘНХ 2022-2023, 232-бет). 5-8 сыныптарда "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы әр сыныпта сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта 10 сағаттан жүргізіледі (2023-2024 оқу жылына арналған ЖЖЕ). 1-4 сыныптардағы "дүниетану" оқу пәнінде өмір қауіпсіздігі, табиғи апаттар туралы түсініктерді қалыптастыру, алғашқы көмек көрсету, өрт, су және газ қауіпсіздігі қағидалары (ӘНХ 2023-2024 жж.):

Өмір қауіпсіздік негіздері бойынша мектебімізде жыл бойы мынадай іс-шаралар өткізілді:

1. Эвакуациялық, командалық-штабтық жаттығулар.
2. Оқушыларға арналған "Өрттің себептері. Күнделікті өмірде өрттің алдын алу" атты сынып сағаттары.
3. Оқушылармен және қызметкерлермен өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық өткізілді мектептер (оқушылармен және мектеп қызметкерлерімен 4 нұсқама, оның ішінде 1 жоспардан тыс)
4. Өрт қауіпсіздігі бұрышын жүйелі түрде жаңарту.
5. Өлеуметтік педагогпен бірлесіп кәмелетке толмағандар арасында зиянды

тәуелділіктің алдын алу бойынша жұмыс жүргізілді.

7."Судағы қауіпсіздік" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 8."Демалыс кезіндегі қауіпсіздік"тақырыбында түсіндіру жұмыстарыжүргізілді.

"Жол қозғалысы ережелері" оқу курсын іске асыру

(*"Жол қозғалысы ережелері" міндетті оқу курсын оқу*) Бағдарламаның мақсаты: Жол көлік оқиғаларынан және олардың салдарынан болатын жол қозғалысына қатысушы азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау деңгейін арттыру;

Міндеттері- жол қозғалысы қауіпсіздігін нормативтік құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру, ЖКО-ның алдын алуды және жол қауіпсіздігін насихаттауды дамыту, жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіру;

Тапсырмалар:

- білім алушыларға мемлекеттік стандарттар шеңберінде базалық білім беру;
- білім алушыларда ережелерді сақтау мен орындаудың тұрақты дағдыларын қалыптастыру жол қозғалысы;

- жолдарда қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру;

- балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи нысандары мен әдістерін қолдану, жазатайым оқиғалардың алдын алуға бағытталған инновациялық технологиялар көшелер мен аулаларда сақ болу;

- жол қозғалысына сауатты қатысушыларды тәрбиелеу, қалыптастыру жол заңдарына құрметпен қарау, объективті орындылықты түсіну қолданыстағы жол қозғалысы ережелері менталаптары;

- жалпыадамзаттық адамгершілік құндылық бағдарларын қалыптастыру;

- ЖКО кезінде алғашқы медициналық көмек көрсетудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру;

1-4 сыныптардағы" Жол қозғалысы ережелері " курсының мазмұны 1- 4 сыныптардағы "сынып сағаты" арқылы жүзеге асырылады, жол қозғалысы ережелері туралы білім оқытылады (2023-2024 ӘНХ, 98- бет). оқу жылында "Жол қозғалысы Ережелері" 1-4 сыныптарда сынып сағаттары есебінен – әр сыныпта 6 сағаттан; 5-8 сыныптарда сынып сағаттары есебінен – әр сыныпта 10 сағаттан сабақтан тыс уақытта жүзеге асырылады.

ЖЖЕ бойынша келесі іс-шаралар өткізілді: Жыл бойына, жоспарға сәйкес білім алушылар "Абай бол, балалар!», «Жолда жүру ережесін білесің бе?» т.б. ЖКО-ның алдын алу және оларға байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар кодексіндегі өзгерістер туралы мәселені ата-аналар жиналысының күн тәртібінде қаралып, "ЖКО фактілері" туралы ақпараттар "Жол қауіпсіздігі"стендіне орналастырылды.

